

# УхС-тің «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасымен сұхбаты



27 сәуірде әлемдегі жетекші ақпараттық құралдарының бірі саналатын UxWeekly сайтында «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматовпен сұхбат жарияланды. Назарларыңызға сол сұхбатты қазақ тілінде ұсынып отырмыз.

УхС-тің саясат жөніндегі аға вице-президенті Анна Брындза «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматовтан сұхбат алды. Пірматов мырза өз сұхбатында COVID-19 пандемиясы және өзге де қиындықтар жағдайында Компанияның құбылмалы әлемге бейімделуі жайлы соңғы жаңалықтарымен бөлісті.

**Анна Брындза:** Пандемиядан туындаған сұраныс пен ұсыныстың жаңа шарттарына бейімделуге бағытталған компаниядағы соңғы өзгерістерді өзіңізбен талқылауға жасалған мүмкіндік үшін Сізге алғыс білдіреміз. Алғашқы бірнеше сұрақ Қазатомөнеркәсіптің COVID-19 пандемиясына қарсы іс-әрекеттерімен тікелей байланысты. Қалыптасқан ахуал аясында Қазатомөнеркәсіп 2020 жылы Қазақстанда уран өндірудің болжамды деңгейін төмендететіндігін мәлімдеді. Сіз індет кезінде уран өндіру барысында компания тап болған қиындықтар және оларды қалай еңсеру туралы айта аласыз ба?

**Ғалымжан Пірматов:** Сізбен және сіздің оқырмандарыңызбен соңғы жаңалықтарды бөлісуге шақырғаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін, мен бұл туралы қуана айтамын.

Коронавирустың өршуі – ең алдымен, бүкіл әлем бойынша миллиондаған адамды қамтыған төтенше жағдай. COVID-19 пандемиясына арналған алғашқы акциямыз біздің қызметкерлеріміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және ғаламдық пандемия кезінде активтерімізді тиісінше басқару, оның ішінде гигиена шараларын күшейту, қашықтан жұмыс істеуді ұйым-

дастыру және әлеуметтік арақашықтықты ұйымдастыру жөніндегі шаралар қабылдау болғанын атап өткен жөн. Бұл туралы 16 наурыздағы баспасөз хабарламамызда жарияланды.

Дегенмен, біз қызмет ететін аймақтарда COVID-19 жұқтыру жағдайларының саны өскендіктен және қызметкерлеріміз елдің әр түкпірінен келетіндігін ескеріп, өндірістік объектілердегі және тұрғылықты жерлердегі жұқтыру қаупінің ұлғайып бара жатқанын түсіндік, оны төмендету үшін кеніштердегі штатты абсолютті минимумға дейін қысқарту қажет болды. Бұдан бөлек, біз сырттан вирус енгізу қаупін шектеу үшін кеніштердегі вахтаны ауыстыру кестесін өзгерттік. Мұндай қысқарудың салдарынан кеніштердегі кейбір жұмыстарды, соның ішінде геотехнологиялық полигондарда жаңа блоктарды дайындау жұмыстарын тоқтата тұруға тура келді. Біз жұмыс істеп тұрған блоктарда өндіруді жалғастырамыз, бірақ қышқылдандыру және өндіру жөніндегі жұмыстар жоспарланған геотехнологиялық полигондардың жаңа блоктарындағы жұмыс кейінге қалдырылады, бұл бұрын жариялағанымыздай, 2020 жылы өндіруді қысқартуға алып келеді. Ақпараттық ашықтығымыз – Қазатомөнеркәсіптің ашықтық пен күшті корпоративтік басқаруға бейілділігінің ажырамас бөлігі.

**Анна Брындза:** Қазатомөнеркәсіп Қазақстанда уран өндірудің 4000 тоннаға дейін қысқаруына алып келетін COVID-19-тен қорғану және қауіпсіздік шаралары туралы мәлімдеді. Уранды 4000 тоннаға дейін азайтумен байланысты өндірістік болжамдар қандай? Қазақстандағы барлық ЖҰШ кеніштерінде өндіріс қысқара ма, әлде кейбір кеніштерге бұл басқалардан көбірек әсер ете ме?

**Ғалымжан Пірматов:** Көлемнің қысқаруы өндірістік белсенділіктің төмен кезеңі 3 айға созылады деген болжамға негізделген. Осыны негізге ала отырып, біздің бастапқы бағалауымыз бойынша 2020 жылы уран өндірісін 4000 тоннаға дейін қысқарту болжанған. Бұл көлем биыл да, 2021 жылы да өтелмейді және дәл қазіргі уақытта 2021 жылы өндіру деңгейіне әлеуетті әсер етуге қатысты айқындық жоқ.

Бұл өндірісті қысқарту емес, тиісінше, ол пропорционалды болуы да мүмкін емес. Әр кеніштегі әртүрлі геология мен өндірістік жоспарлардағы айырмашылықтарға байланысты, игеру жөніндегі қызметтің төмендеуі әр кенішке әртүрлі әсер етеді. Бір кеніштердегі өндіру басқаларына қарағанда көбірек төмендейді, біз ұсынған болжамда кеніштерге жасалатын ықпалдың шамасын бағалауымыз көрсетілген.

**Анна Брындза:** *COVID-19 салдарынан өндірудің соңғы қысқаруы 2019 жылдың тамызында жарияланған өндірудің қысқаруымен қосылып, нәтижесінде кейбір қазақстандық уран кеніштеріндегі өндіру көлемі қазір жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарда көрсетілген көлемдерден төмендеді. Егер пандемия өндіруге ұзақ уақыт бойы әсер етуін жалғастыра берсе, Сіз жер қойнауын пайдалануға арналған қолданыстағы келісімшарттарға өзгерістер енгізу қажеттілігін болжай аласыз ба?*

**Ғалымжан Пірматов:** Бұл форс-мажорлық жағдай біздегі ерекше жағдайларды көрсетеді. Әдетте, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарда белгіленген міндеттерді сақтамау (+/- 20% рұқсат етілетін диапазонынан тыс) мемлекеттік органдар тарапынан шарттарды қайта қарау мүмкіндігін тудыруы мүмкін. Алайда, жағдайды ескере отырып, біз тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс істеуді жалғастырамыз және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар өзгертілетін болады деп ойламаймыз.

**Анна Брындза:** *Сіздің клиенттеріңізді Қазақстандағы өндірудің қысқаруы Қазатомөнеркәсіптің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау қабілетіне әсер ете ме деген сұрақ толғандырары анық. Қазатомөнеркәсіп өндірістің болжамды қысқаруы жағдайында шарттық міндеттемелерді орындауды қалай жоспарлайды? Егер COVID-19 оның қызметіне елеулі әсер етсе, нарық субъектілерінен уранды сатып алу немесе қарыз алу бойынша Қазатомөнеркәсіпте қандай да бір жоспары бар ма?*

**Ғалымжан Пірматов:** Қазатомөнеркәсіп өнім сату бөлігінде өз міндеттемелеріне қатысты қандай да бір форс-мажорлық жағдайлар болмайтыны туралы өз клиенттерін хабардар етті.

Жыл басында біз Компания материалды споттық нарықта сатпайтынын атап өттік, өйткені келісімшартталған міндеттемелердің көлемі 2020 жылға өндірістің болжамды көрсеткіштерінен асып түседі деп болжанған. Иелік үлесіне пропорционалды өндірістің жылдық көлемі бойынша неғұрлым төмен деңгейді болжайтынын ескерсек, бұл тапшылық енді көп. Компания иелік үлесіне пропорционалды 6-7 айлық өндіріс көлемі деңгейінде қорларға қолдау көрсетуге бағытталған, сондықтан қысқа мерзімді перспективада жоғалған тоннажды жабу үшін жеткілікті қорларға ие боламыз.

Егер Компанияда жеткізілімдер бойынша өздерінің келісімшарттық міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін материалды нарықта сатып алу қажеттілігі туындаса – оның техникалық тұрғыдан қарағанда – өзінің ТНК еншілес сауда компаниясын пайдаланудың, сондай-ақ қаржылық жағынан – бо-

рыштық жүктеменің төмен деңгейі мен пайдаланылмаған несие желілері бар жақсы капиталдандырудың мол мүмкіндігіне ие.

**Анна Брындза:** *Пандемия жағдайында қазақстандық уранды шетелге тасымалдауға қатысты Сіздің басты қауіптеріңіз қандай? Логистикадағы және тасымалдаудағы іркілістер қазіргі кездегі негізгі тәуекел болады деп есептейсіз бе?*

**Ғалымжан Пірматов:** Уранның артықшылығы – әлемдік жылдық тұтыну көлемін орташа өлшемді бір балкерлік кемеге орналастыруға болатындығында. Бүкіл әлем бойынша мұндай аз мөлшердегі тиеу кезіндегі логистикалық шектеулер қазбалы отын сияқты басқа энергия көздеріне қарағанда әлдеқайда аз алаңдаушылықты тудырады.

**Анна Брындза:** *Қазіргі уақытта Қазатомөнеркәсіп өз жобаларында қызметкерлердің минималдық санын қатыстыра отырып, қазақстандық уран өндірісін сақтауды көздейді. Қазатомөнеркәсіп COVID-19 салдарынан кен орындарын игеру бойынша шектеулер жойылғаннан кейін, компания бұрын белгіленген өндіру деңгейіне қайта орала алатын кез қаншалықты жақын? 2020 жылы геотехнологиялық полигондарды дамытуды тоқтата тұру Қазақстанда 2021 жылы уран өндіруге әсер етуі мүмкін деп ойлайсыз ба?*

**Ғалымжан Пірматов:** Біздің басты міндетіміз – адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Біз 22 жылдық тарихымызда осындай сипаттағы және масштабтағы өзгерістерге ешқашан ұшырамадық. Біздің кен орындарымызды тиісті пайдалануды қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерімізді салып жатқанымызға қарамастан, қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де әсер көптеген ауыспалы факторларға байланысты болады және соңғы кезекте бұл шектеу шарттарының қаншалықты ұзақ созылатынына байланысты болмақ. Анық білеріміз, біздің өндірісіміз 100%-ға ЖҰШ тәсілімен жүзеге асырылатынын ескерсек, бұл өндіру қарқынын арттыру бірнеше ай бойы жақсы жоспарланған процесс болады. Біз еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша ағымдағы шараларды босаңсыту мүмкін болысымен, ал қызметкерлер өндіріске қайтып оралысымен кен орындарының жаңа учаскелерін бұрғылау, байлау, қышқылдандыру жұмыстары қайта жанданады, тек жоспарланған апталық және айлық өндіру деңгейіне оралу үшін уақыт керек.

**Анна Брындза:** *COVID-19-дың өндіріске әсеріне байланысты болжамдық сипаттағы соңғы сұрақ. Қазіргі COVID-19 пандемиясы Қазатомөнеркәсіптің Буденовское 6 және 7, Түгіскен, Шығыс Жалпақ және Аққұм сияқты учаскелеріндегі барлау жұмыстарына әсер ете ме?*

**Ғалымжан Пірматов:** Барлық барлау және бұрғылау жұмыстары тоқтады. Нәтижесінде, ең алдымен, барлау жұмыстарының жоспарынан ауытқулар пайда болуы мүмкін. Кен орындарын

игеру жөніндегі жұмыстарды қайта бастай алатын болсақ, сол кездегі өзекті ақпарат пен жоспарларға негізделген өндіру және барлау жөніндегі жұмыстарды қайта бастауға бағытталған бұрғылау операцияларына басымдық беріледі.

**Анна Брындза:** *Қазатомөнеркәсіптің трейдерлермен өзара қарым-қатынасы жылдар бойы қалыптасты. Қазатомөнеркәсіп ядролық отын нарығындағы трейдерлердің рөлін қалай қарастырады? Сіз трейдерлермен қазіргі қарым-қатынасты сипаттай аласыз ба?*

**Ғалымжан Пірматов:** Егер трейдерлер өздерінің өзектілігін сақтағысы келетін болса, онда толық өзгеруі керек. Олар 1-3 жыл ішінде қысқа мерзімді перспективадан орта мерзімді перспективаға көшетін спот нарығында және энергия компанияларының тұтыну ұсыныстарының арасындағы алшақтықты еңсеруде маңызды рөл атқарды. Қазіргі уақытта олардың келісімшарттармен бекітілмеген қорларды қолдау мүмкіндігінің шектеулігін ескерсек, олар нарықтағы үздіксіз жеткізілімді қамтамасыз ете алмайды, олардың қазіргі уақытта кэрри-трейдтен басқа қандай құндылықты ұсына алатынын түсіну қиын. Бірақ нарық өзгерді және кэрри-трейдтің өзі де ескірді, себебі уран спот нарығы он жылдық профициттен дефицитке өтеді. Дегенмен, трейдерлер икемді және тұрақтылығымен ерекшеленеді. Дарвин күштілердің ғана өмір сүре алатындығын айтқанда, ол физикалық жағынан күштіні емес, басқаларға қарағанда қоршаған ортаның өзгеруіне тезірек бейімделе алатындарды назарда ұстаған. Мұның нарыққа да қатысы бар.

**Анна Брындза:** *Соңғы бірнеше жылда спот нарығы мен кэрри-трейдтің энергия компанияларының ұзақ мерзімді келісімшарттарымен салыстырғанда ұлғайған рөлі жоғарыда аталған мәселемен де байланысты. Қазатомөнеркәсіптің энергия компанияларында қалыптасқан үрдіске көзқарасы қандай және компания ұзақ мерзімді келісімшарттар мен спот нарығы/кэрри-трейд мүмкіндіктері арасындағы тепе-теңдікті қайдан көріп отыр?*

**Ғалымжан Пірматов:** Атап өткенімдей, ядролық реакторды пайдалану ұзақ мерзімді көздейтін міндет, жеткізулердің үздіксіздігі проблема тұндырғанда, уранның түпкі тұтынушылары үшін ядролық отынның келісімшартталған үлкен көлемін қамтамасыз ету басымдыққа айналады. Нарықта бірнеше ондаған жылдан кейін де жұмыс істей беретіндей сенім артар және энергия компаниялары ұзақ мерзімді келісімшарттарға қол қою кезінде өздерін сенімді сезінетіндей ойыншылардың саны шектеулі.

**Анна Брындза:** *Қазатомөнеркәсіп жақында «Уран байыту орталығы» АҚ-дағы өз үлесін осы бірлескен кәсіпорын бойынша әріптесі – «ТВЭЛ» АҚ-на сататыны туралы ақпаратты жариялады. Бұл отын банкі қалыптастыру үшін АЭЖХА-дегі аз байытылған уранды сату жөніндегі маңызды*

*мәміледен кейін болды. Бұл келісім Қазатомөнеркәсіп үшін байыту жөніндегі қызметтерді ұсыну мүмкіндігі тұрғысынан нені білдіреді? Қазатомөнеркәсіп ядролық отын өндіру жөніндегі интеграцияланған компания болуға ұмтыла бере ме әлде компанияның пайымы өзгерді ме?*

**Ғалымжан Пірматов:** Қазатомөнеркәсіп «УБО» АҚ бірлескен кәсіпорнындағы бір акциясын өзінде қалдырды, осы акциямен Компания оффтейкке бұрынғы барлық құқықтарын сақтайды. Осылайша, Компанияның реакторға дейінгі ядролық отын циклінің барлық тізбегі бойынша өнімді жеткізу қабілеті өзгеріссіз қалады. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясында айтылғандай, Компания бірінші кезекте ядролық отын циклінің ең тартымды сегменті саналатын уран өндіруге назар аударады.

Уран өндірісінде Қазақстандағы жер асты ұңғымалы шаймалау әдісі айқын бәсекелестік артықшылықтарға ие, өйткені ол оңай масштабталатын, ең аз шығынды және икемді болып, уран алудың неғұрлым экологикалық әдісін қамтамасыз етеді. 500 000 тоннаға жуық ресурстық базаға ие Компания үшін уран өндіру қызметінің негізгі бағыты болып қала бермек және капиталды бөлу туралы шешімдер тұтастай алғанда мұндай басымдықты көрсететін болады.

Сонымен қатар, әлемдегі уранның ірі сатушысы ретінде,  $U_3O_8$ -ден бастап, ЖБҚ-ға дейінгі барлық формада уран ұсыну мүмкіндігін қоса алғанда, әрбір жеке клиенттің қажеттілігіне қарай икемділікпен әрекет ету қажет және біз осы қабілеттілігімізді сақтағымыз келеді.

**Анна Брындза:** *Пірматов мырза, оқырман-дар үшін қорытынды сөз ретінде не айтар едіңіз?*

**Ғалымжан Пірматов:** Қазатомөнеркәсіп өзінің 22 жылдық тарихында жасалған әрбір келісімшарт бойынша жеткізілімдерді жүзеге асырды. Мұндай сенімділік бүкіл әлемдегі АЭС операторларымен біздің қарым-қатынасымыздың іргелі негізі боларына сенімдіміз. Біздің клиенттеріміз – АЭС операторларына адалдығымыз – қазіргідей уақытта қауіпсіздік пен халықтың игілігі үшін аса маңызды болған тұрақты, таза және экономикалық тиімді базалық электр энергиясымен қамтамасыз ету жөніндегі ядролық уәденің бір бөлігі.

**Анна Брындза:** *UxC және UX Weekly оқырмандарының атынан Сізге біздің саладағы көпшілікті толғандыратын сұрақтарға жауап беруге уақыт тапқаныңыз үшін және құнды әрі пайдалы бірегей ақпаратты ұсынғаныңыз үшін алғыс айтқым келеді.*